

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 07 ақпандағы № 26 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 23 ақпанда № 4105 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 3 ақпандағы № 19 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 03.02.2022 № 19 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 8) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Райымбек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына карамастан ұйымдар үшін ұйымның жұмыскерлерінің тізімдік санының бес пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Байедилов Талғат Ескендировичке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Райымбек ауданының әкімі

Ж. Тажиев